

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН ҰЛЫҚТАЛҒАН ДҮБІРЛІ ДОДА

Ұлттық спортымыз ата-бабамыздан қалған асыл мұрамыз, қасиетті дәстүріміз. Қазақ халқының ұлылығын, даналығын, қазақ елінің елдігін бүкіл әлемге паш ететін мәдениеті мен салт-дәстүрі болса, соның ең бастысы-ұлттық спорт түрлері, ұлттық спорт ойындары. Халқымыздың ақыл-ой ұштауға арналған ұлттық ойын түрлерінің бірі- «Тоғызқұмалақ» ойыны. Міне, осындай ұлттық спорттың өркендеуіне өзіндік үлес қосқан, тоғызқұмалақ ойынын барынша бағалап, болашақ үшін дамытуға ат салысып, ауданымызда алғашқылардың бірі болып қолға алған - Қаппаров Құрал Әмірұлы ағамыз.



Құрал Әмірұлы 40 жылға жуық білім беру саласында еңбек етті. Ауданымызда тоғызқұмалақтың дамуына өзіндік үлес қосып, елеулі еңбек сіңірді. Ол 1980 жылдан өмірінің соңына дейін халқымыздың ұлттық ойыны «Тоғызқұмалақты» кейінгі ұрпақтың жетік меңгеруі үшін тер төкті. Құре-

Құрал Қаппарұлының 70 жылдығымен орайластырылып өткізілді. Жарыстың ашылу салтанаты аудандық мәдениет үйінде ту көтеріп, Қазақстанның Әнұраны шырқалды. Ашылу салтанатын аудан әкімінің орынбасары Б. Төлеуқұлов Б. Төлеуқұлов сөзбен ашып, жарысқа қатысушыларға

дарымыз өздерінің ұлттық ойынға деген құлшыныстарын байқатуда. Біз сонау Қытай, Моңғол, Өзбекстан республикаларынан келген спортшыларымызды сөзге тарттық. **Елбол Райханұлы:** «Мен Қытай халық республикасы, Алтай аймағы, Қоба ауданынанмын. Өзім Түркістан қаласындағы Қожа-Ахмед-Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің магистрантымын. Бұл спорт түрін насихаттаумен 2005 жылдан айналысып келемін. Тоғызқұмалақ төңірегінде әр түрлі мақалалар ұйымдастырып тұрамын. Болашақта Қытай, Моңғол-

Тоғызқұмалақ бабалардың несібі, Ақыл-ойдың кілтін ашар есігі.

Ағалар бар ұлтым деген арманы,

Бұзылмасын ұлттық дәстүр қаймағы».

Өзбекстан Республикасынан келген **Ханадилов Нұрмұхан:** «Мен


1985 жылы Ташкент облысы, Жамбыл ауылында туып, өстім. Тоғызқұмалақ ойынын ойнай бастағаным бір жылдай ғана уақыт болды. Алматы, Шымкент, Орал, қалаларында өткен жарыстарға қатысып жүрмін. Тоғызқұмалақты ойнаған әр жастың ойлау қабілеті жоғарылайды және мәдениеттің жоғары шыңына шығады деп ойлаймын. Менің арманым- алдағы уақытта тоғызқұмалақтың әлемдік үлкен спорт і қатарына қосылуы».

Өсерханұлы Еркебұлан: «Мен Моңғолиядан келдім. Өзім қазір Түркістан қаласындағы

Қожа-Ахмед-Яссауи атындағы халықаралық университетінің студентімін. Тоғызқұмалақпен 2005 жылдан айналысып келемін. Әр түрлі жарыстарға қатысып жүрмін. 2007 жылы Шымкент қаласында өткен президенттік жарысқа қатыстым. Тоғызқұмалақ ойынының ақыл-ой ұштауға, танымдық, тағылымдық өнегесі мол. Қазіргі кезде Түркістан қаласында 30-дай ұлт өкілдері балаларына тоғызқұмалақ ойынын үйірме ашу ойымызда. Қазақстанға келіп осы ойынға қатысқаным


пен вымпелдер, мақтау грамоталары, түрлі-түсті теледидарлар, компьютер, дивидилер, микротолқынды пештер және тағы басқа да бағалы сыйлықтар табыс етілді.


Сондай-ақ, осы жарыста жүлделі орындарға ие болған спортшыларымыз А.Базарбаев (Қарағанды қаласы), С.Құсайынова (Астана қаласы), Б.Қасқырбаев (Ақадыр кенті), А. Төлеуова (Ақтөбе облысы), Қ.Байғабылов (Жаңаарқа ауданы), Р.Кішкентаева (Ақадыр кенті), Е. Шындәулетұлы (Моңғолия Республикасы), А.Мағауова (Астана қаласы), Б.Өндірбаев (Ақтөбе облысы), А.Омарова (Ақтоғай ауданы), Б.Бейсенбаевтарға (Қарқаралы ауданы) да демеушілер дайындаған ақшалай-заттай бағалы сыйлықтар, вымпел, буклеттер, мақтау қағазда-



Елбол Райханұлы,

ры табыс етілді. Ойынның тартымды өтуіне ат салысып, ұйытқы болған Қазақстан Республикасы Тоғызқұмалақ Федерациясының президенті Ә.Бәйменовке, аудан әкімі Қ. Тілеуберге-





сәт сапар

Бұдан соң

қаласы -
нан келген
тоғызқұ-
малақта
м е м л е -
к е т т і к
ж а т т ы қ -

кеңнің сан жылғы еңбегі елеусіз қалмады. Ол ұлттық спортты дамытуға қосқан үлесі үшін облыстық аудандық спорт бөлімдерінің Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарына ие болды. 2002 жылы Қазақстан Республикасы Туризм және спорт агенттігінің бұйрығымен Құрал ағамызға ҚР «Құрметті спорт қайраткері» атағы мен арнайы төс белгісі берілді.


Бәрінен де жоғары марапат-ұрпақтәрбиесіне сіңірген еңбегі туған елінің жадында сақталып, ұрпақтары аға құрметіне дүбірлі дода өткізіп тұруы. Құрекеңді еске алу кеші биыл ауданымызда төртінші мәрте өтуде. Биылғы өткізіліп отырған халықаралық жарыс ауданымыздың 80 жылдық мерейтойы шеңберінде

тырушы, спорт шебері, филология ғылымдарының кандидаты М.Шотаев, Құрекеңнің баласы Дарын Қаппаров, жарыстың бас төрешісі, аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің меңгерушісі А.Қызылов халықаралық жарысты ұйымдастырушыларға алғыс айтып, ойыншыларға сәттілік тіледі. Облыс аумағында бірінші рет өткізіліп отырған халықаралық жарысқа сонау Қытай, Моңғолия, Өзбекстаннан, Ақтөбе, Қостанай, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Астана қалаларынан, Қарқаралы, Ақтоғай, Жаңаарқа аудандарынан, Ақой, Жарық елді-мекендері мен аудан орталығындағы М. Горький, Ы.Алтынсарин мектеп-гимназияларынан барлығы 80-ге жуық тоғызқұмалақшылар қатысты.

Үш күнге созылған дүбірлі жарысқа ойыншыларымыздың белсенділікпен келіп қатысқанын көріп, ұлттық ойынымыздың биік дәрежеге көтерілгенін байқағандай болдық. Әке өсиетін жалғастырып жүрген Құрекеңнің баласы Дарын да әке артынан ерген ізбасарлар бар екенін көріп, әке рухының өлмейтініне шын қуанды.

М.Горький мектеп гимназиясында өтіп жатқан тоғызқұмалақ тақтасындағы ойыншылардың ойыны да қыза түскен. Бір-бірімен бәсекеге түскен ұл-қыз-

лияда тағы да басқа жерлерде тоғызқұмалақтан тіл білдіріп, олимпиада өткізілсе деп ойлаймын. Шымкент қаласында өткен жарыстарда Елбасының, Қазақстан Республикасы туризм және спорт комитетінің Алғыс хаттарымен марапатталдым. Алдағы мақсатым осы ұлттық спортымыз тоғызқұмалақты барынша дәріптеу. Осы ауданға келіп ойынға қатысқаныма өте қуаныштымын. Бұл жердің адамдары сондай қонақжай халық екен. Осы елге, жерге, халқына деген құрметімді бір-екі шұмақ өлеңмен білдірсем деймін:




Өсерханұлы Еркебұлан,

"Шет ауданы Сарыарқаның қолқасы, Ұлттық ойын дамып тұрған ортасы.

Алтынменен апталғандай бар тасы, Қонақ кәде қазы -қарта, сорпасы.

Шет ауданы Сарыарқаның бесігі,

Шыққан батыр, ақынымен есімі.



Ханадилов Нұрмахан,

қуаныштымын. Көптеген жас жеткіншектердің тоғызқұмалақ ойынын жақсы ойнайтындарын көріп қуанудамыз. Алдағы уақыттарда Қазақстанда бұл ұлттық ойын түрінен олимпиадалар өтіп жатса, сөз жоқ біздің спортшыларымыз жеңіске жетеді. Мен бүгінгі осы ойынға қатысушылардың бәріне де жеңіс тілеймін».

Шет ауданының 80 жылдығына және Қазақстан Республикасының Құрметті спорт қайраткері Қаппаров Құрал Әмірұлының 70 жылдығына арналған ұрпағы ұлықтаған халықаралық дүбірлі дода ауданымызда үш күн бойы өткізіліп, үздік ойын көрсеткен спортшыларымыз жарыс биігіне көтеріліп жеңімпаз атанды. Қыздар арасында өткен жарыста жүлделі бірінші орынды Жаңаарқа ауданынан келген Г.Әбдірахманова, екінші орынды астаналық Г.Мағауова, үшінші орынды Қарқаралы ауданынан А.Бейсенәевалар жеңіп алды. Ал, ұлдар арасында бірінші орынды астаналық А.Сейітжанов, екінші орынды Ф.Темірбаев, үшінші орынды М.Шотаевтар иеленіп, жеңіс тұғырына көтерілді. Жүлделі орындарға қол жеткізген жеңімпаз спортшыларымызға демеушілер дайындаған арнайы кубок

новке, Қарағанды облысының дене тәрбиесі, туризм және спорт басқармасының бастығы Е.Халилиндерге аудан халқы мен Құрекең ұрпақтарының айтар алғысы шексіз. Жарысқа қолдау көрсетіп, демеушілік жасаған, азаматын ардақтауға аудан мекемелері мен жеке кәсіпкерлер ат салысты. Қыымбековтар әулеті, А.Әбділдаулы, Б.Әбдіғалиев, А.Құдайбергенова, Б.Балапанова, Астана қаласынан келген кәсіпкерлер А.Жанбекова, Н.Сағымбаев,

облыстық дене шынықтыру және спорт бөлімі басқармасы (бастығы М.В.Исаева), аудан әкімінің аппараты, кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі, №11 кәсіптік мектеп ұжымы, аудандық медицина бірлестігі, М.Горький атындағы мектеп гимназиясы, аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі, ішкі істер бөлімі, Ақсу-Аюлы ауылдық округі, аудандық ішкі саясат, білім бөлімі, аудандық «Шет шұғыласы» газеті, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту, экономика және жоспарлау бөлімі ұжымдарына барша тоғызқұмалақ жаныашырлары ризашылықтарын білдірді.

Ұлттық спортты жанындай сүйетін көпшіліктің демеушілігі арқасында ойынға қатысқан бірде-бір ойыншы құр қол қайтпады. Құрал ағаның баласы Дарын да әке рухын көтеріп, еске алып, құрмет көрсетіп жатқан аудан әкімшілігіне, ауыл азаматтарына, жерлестеріне перзенттік алғысын білдіріп, рахметін айтты.

Асыл ағаның жақсы істерін жалғастырып, құрмет тұтар азаматтар, әке рухын көтерер ұрпақ бар екеніне бізде ризашылық білдіріп, іштей қуандық.

Ш.ӘБДИЕВА.

Суреттерді түсірген И.ЖАҚЫП.

Суреттерде тоғызқұмалақ ойынынан көріністер.